

«Бекітемін»

№ 280 орта мектеп директоры

Ж. Күмекбаева

« 29 » 08 2022ж



«Келісілді»

Директордың ОІЖ орынбасары

М. Есжанов

« 29 » 08 2022ж



№ 280 орта мектеп

дефектологы Өмірбек Жансаяның

2022-2023 оқу жылына арналған

жылдық жоспары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524: «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» бұйрығына сүйеніп құрастырылады.

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Мұғалім-дефектолог жұмысының мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түзете-дамыту сабақтарын тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастырып, жүргізу және ата-аналармен ұстаздарға кеңес беру.

Міндеттері:

- дефектолог-мұғалімнің, ППҚ мамандарымен, мұғалімдер және ата-аналар бірлесе бала бойындағы қиындықты шешу жолдарын анықтау; түзету-дамыту жұмысының бірлік жүйесін жетілдіру;
- жоғары психикалық функцияларды және танымдық қызметін дамыту;
- балалардың бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын меңгерудегі қиындықтардың алдын алу және шешу;
- мұғалімдер мен ата-аналарға консультациялық көмек көрсету;
- балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда он динамикаға қол жеткізу;
- ата-аналарды, отбасын түзете-дамыту процесіне тарту;
- Ерекше білім беруді қажет ететін әр оқушыға жеке және топтық даму бағдарламасын құрастыру;
- Өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқулар мен тамыз мәслихаттарының секция жұмыстарына қатысу.

Жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Мерзімі
Диагностикалық бағыт	1. МШ оқушылардың және оқуда қиындықтар кездесетін бағалардың танымдық ерекшеліктерін және оқу әрекеттерін анықтау. 2. МШ оқушылардың дамуын оқу әрекеті үдерісі мен түзете дамыту сабақтарында динамикалық бақылау.	Жыл бойы
Түзету-дамыту бағыты	1. МШ оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламаларын құру. 2. Түзете дамыту сабақтарын өткізу.	Жыл бойы
Ағартушылық және профилактикалық бағыт	1. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінде, педкөрсестерде, мәжілістерде (баяндаманың тақырыбы) сөз сөйлеу. 2. Педагогтарға жеке кеңес беру. 3. Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу. 4. Ата-аналарға жеке кеңес беру.	Жыл бойы
Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт	1. Мектептік консилиум мәжілісіне қатысу. 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен пәнаралық серіктестік. 3. Құжаттама жүргізу. 4. Өзінің білімін көтеру (әдебиеттермен жұмыс, түзете дамыту жұмысының әдістемелері, арнайы әдебиеттердің, дидактикалық материалдардың, дамыту құралдарының, көрнекі материалдарды	Жыл бойы

	жыл бойы	құру), 5. Конференцияға, семинарларға, дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу. Басшыларды дайындау. 6. Жұмыс кабинетін безендіру.
Аналитикалық бағыт	жыл бойы	1. Түзете әсер ету үдерісінің әрбір бағаға әсерін талдау және оның тиімділігін бағалау 2. Оқушыны консилиумға және ПМПК-ке жіберу үшін сипаттама мен түсініктемені құрастыру. 3. Жылдық есепті әзірлеп, қорытындылау

Дефектолог: Ж.Өмірбек